

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті темекі бұйымдары бойынша айналымды жүзеге асыратын салық төлеушілердің назарына жеткізеді:

«Таңбалауға жататын тауарлар тізбесін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 10 қыркүйектегі № 568 Қаулысына сәйкес **2021 жылғы 1 сәуірден** бастап таңбалауға жататын тауарлардың мынадай тізбесі қолданысқа енгізіледі:

| Тауардың атауы | Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының коды |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------|
| Өнеркәсіпте жасалған өзге де темекі және өнеркәсіптік темекі алмастырғыштар; өзге де темекі сығындылары мен эссенциялары | 2403999009 |
| Құрамында темекі бар темекі, сигаралар, ұштары кесілген сигаралар, сигариллалар және темекіден немесе оны алмастырғыштардан жасалған құрамында қалампыр бар сигареталар | 2402201000 |
| Өзге де сигаралар, ұштары кесілген сигаралар, темекіден немесе оны алмастырғыштардан жасалған сигариллалар мен сигареттер | 2402900000 |
| Ұштары кесілген сигареталар, сигаралар және құрамында темекі бар сигариллалар | 2402100000 |
| Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасының "Дайын тамақ өнімдері; алкогольді және алкогольсіз сусындар мен сірке суы; темекі және оны алмастырғыштар" деген IV бөлімінің "24. Темекі және темекіні өнеркәсіптік алмастырғыштар" 1-тобының субпозициясына ескертпеде көрсетілген кальянға арналған темекі | 2403110000 |
| Бастапқы орамада нетто-салмағы 500г аспайтын кез келген пропорцияда темекі алмастырғыштары бар немесе жоқ өзге де шегілетін темекі | 2403191000 |

Темекі өнімдерін таңбалауды импорттаушы, сондай-ақ темекі өнімдерін өндіруші тұлғалар жүргізетінін хабарлаймыз.